

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 19 тамыз N 1268. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1556 қаулысымен. ~P971556

"Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы

қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 409 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 18, 214-құжат) күші жойылған деп танылсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.10.03. N 1412 қаулысымен.

P971412_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 19 тамыздағы
N 1268 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау

министрлігі (Денсаулықмині) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып т а б ы л а д ы .

Министрлік азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шекте - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Ережеге, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Министрліктің құрылысы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

II. Министрліктердің негізгі міндеттері,
функциялары мен құқықтары

6. Министрліктің негізгі міндеттері:
азаматтардың денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізу;

азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылық жасау, салааралық үйлестіруді іске асыру, сондай-ақ азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, нысаналы және кешенді бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

денсаулық сақтауды реформалауды жүзеге асыру;

медициналық және фармацевтикалық ғылымды бағдарлау және дамыту;

медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті құру және дамыту;
кадрларды даярлау мен қайта даярлау;
халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру мен дамыту болып табылады.

7. Министрлік жүктелген міндеттерге сәйкес:

денсаулық сақтауды, фармацевтика мен медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі шараларды белгілейді;

мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен индикативтік жоспарларды әзірлеуге қатысады;
денсаулық сақтауды ұйымдастыру мен басқаруды сала дамуының басым бағыттарына сәйкес жетілдіреді;

денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың ғылыми негіздемесін, әзірлемесі мен орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
денсаулық сақтауды, реформалаудың басты бағыттарын әзірлейді, олардың іске асырылуы мен орындалу барысына бақылау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

республикалық медициналық, оқу, ғылыми және ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметіне басшылық жасайды;

жергілікті атқарушы органдар арқылы меншік нысандарына қарамастан, аумақтық денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

денсаулық сақтау объектілерін мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысады;

денсаулық сақтау саласында заңдардың қолданылу практикасын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады, олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді;

денсаулық сақтау саласының республикалық бюджетін дайындауға қатысады;

республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдарды қаржыландыруды жүзеге асырады;

міндетті медициналық сақтандыру қорымен бірлесе отырып, міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасын айқындайды;

денсаулық сақтау аясында шетелдік несиелер мен инвестицияларды тарту және пайдалану жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді;

медициналық ғылымның басым бағыттарын дамытуды қамтамасыз етеді, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін денсаулық сақтау

практикасына енгізуді ұйымдастырады;

денсаулық сақтаудың ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйелерін оңтайландыру мен құрылымын жетілдіру шараларын жүзеге асырады; мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын медицина кадрларын даярлайтын жоғары және арнаулы орта медициналық оқу орындарының және басқа да мекемелердің үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарларын, нострификациялау тәртібін әзірлейді және оларды белгіленген тәртіппен бекітеді ;

медициналық және фармацевтикалық кадрларды, оның ішінде жоғары білікті кадрларды даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастырып, жүргізеді, денсаулық сақтау қызметкерлерін белгіленген тәртіппен аттестациялауды жүзеге асырады; лицензиялау заңдарында Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялар беруді ұйымдастырады және жүзеге асырады ;

белгіленген заңдарда тәртіппен өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілетті органы - лицензиялармен бірге тауарларды экспорттау мен импорттауға лицензия беру туралы шешімдерді келіседі;

барлық меншік нысанындағы емдеу-алдын алу ұйымдарын, медициналық оқу орындары мен медицина және фармацевтика қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын, дәрілік заттар мен медициналық техника жөніндегі сертификаттау және стандарттау органдарын, инспекциялық бақылау органдарын, медициналық және фармацевтік өнімдердің сапасын бақылау жөніндегі бақылау-талдау лабораторияларын (орталықтарын) аттестациялауға қатысады ;

санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің республика аумағында санитарлық-эпидемиологиялық қолайлы жағдай мен радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басшылық жасайды;

республика аумағын карантинді ауруларды әкелу мен таратудан қорғауды, шетелден сатып алынатын өнімді беріп тұру мен сатуға, заңдарда белгіленген тәртіппен санитарлық бақылауды ұйымдастырады;

республиканың ведомстволық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілеріндегі есендікті қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастырады ;

санитарлық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді әзірлеп бекітеді ;

фармацевтік қызметке, дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, тиімділігі мен сапасына мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, оларды сертификаттауды жүзеге асырады ;

жаңа дәрілік заттарды, иммундық-биологиялық заттарды, медициналық

мақсаттағы бұйымдар мен техниканы, емдеу-алдын алу тамақ өнімдерін сараптамадан өткізуді, оларды тіркеу мен Қазақстан Республикасының аумағында медициналық тәжірибеде қолдануға рұқсат беруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техника жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеп, бекітеді;

мемлекеттік фармакопеяны және Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы заттардың мемлекеттік Тізілімін құрады;

республика аумағында барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар шығаратын жаңа медицина техникасының бұйымдарына техникалық сынақтар өткізуге қатысады;

мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және кез келген меншік нысанындағы ұйымдармен бірлесе отырып, дәрілік заттарды, иммундық-биологиялық заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техниканы, емдеу-алдын алу тамақ өнімдерін шығаруды ұйымдастырады;

жаңа дәрілік заттарды, иммундық-биологиялық заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен техниканы, емдеу-алдын алу тамақ өнімдерін, ауруды анықтау мен емдеу әдістерін клиникаға дейінгі және клиникалық сынақтардан өткізудің және оларды республика аумағында медициналық тәжірибеде қолданудың тәртібін белгілейді;

денсаулық сақтау қызметкерлерін әлеуметтік қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

денсаулық сақтау қызметкерлеріне, ғылыми және ғылыми-педагогтық кадрларға еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

ведомстволық медициналық-санитарлық қызметтердің жұмысын үйлестіріп отырады;

денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамытуға жәрдемдеседі;

заңдарда белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, денсаулық сақтау ұйымдары мен халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

халықтың денсаулық жағдайын талдайды медициналық-статистикалық және ғылыми-медициналық ақпараттың бірыңғай жүйесін әзірлеу мен ұйымдастыру, есеп жүргізу - есеп беру құжаттамасын жетілдіру жөнінде шаралар жүргізеді;

курорттық ресурстарды зерделеу мен санаторий-курорт ісін жетілдіруге қатысады;

денсаулық сақтау аясындағы кәсіпкерліктің, шағын және орташа бизнестің дамуына қолдау жасайды;

азаматтардың денсаулығын сақтау саласында қоғамдық-ұйымдармен және

бірлестіктермен өзара бірлесіп іс-қимыл жасайды;
халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын жасауға қатысады;
Үкіметтің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық
ш а р т т а р ы н а қ о л қ о я д ы ;

өз қызмет саласында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды және
ынтымақтастықты ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарттар жасасқан шет
мемлекеттермен және Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын
халықаралық ұйымдармен ақпарат және мамандар алмасуды ұйымдастырады;
заңдар, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі өзіне жүктеген
басқа да функцияларды жүзеге асырады.

8. Министрлік өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және
міндеттерді орындау кезінде:

азаматтардың денсаулығын сақтау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат
жүргізуді бақылауға;

өз құзыретінің шегінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және
нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан,
азаматтардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

өз құзыретінің шегінде мемлекет меншігіндегі мүлікті иеленушіге,
пайдалануға және оған билік жүргізуге;

заңдарда белгіленген жағдайлар мен тәртіпте лицензиялауды жүзеге асыруға;

денсаулық сақтау мекемелерін және өзге де ұйымдарды құру, қайта құру мен
тарату мәселелері бойынша Үкіметке ұсыныстар енгізуге;

мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелері мен ұйымдарының құрылтайшысы
болуға, олардың жарғыларын бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік
құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыруға;

Министрлік қызметінің бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші және
сараптау органдары ретінде кеңестер мен комитеттер құруға және олар туралы
е р е ж е л е р д і б е к і т у г е ;

республикалық бағыныстағы мемлекеттік денсаулық сақтау кәсіпорындары
мен ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындауға және қызметтен
б о с а т у ғ а ;

облыстық, Алматы қалалық денсаулық сақтау органдарының бастықтарын (
меңгерушілерін) қызметке тағайындау мен қызметтен босатуды келісуге;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық
сақтандыру қорының міндетті медициналық сақтандыру жөніндегі шығыстарды
өтеуге арналған қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауға;

халықтың денсаулығын жақсартуға және денсаулық сақтауды дамытуға айрықша үлес қосқан медицина қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға және құрметті атақтарын беруге ұсынуға құқығы бар.

Министрліктің заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес басқа да құқықтары болуы мүмкін.

III. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

9. Министрлік пен оның аумақтық органдары Министрліктің бірыңғай жүйесін құрайды.

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігін Министр басқарады.

Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Министрдің оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасары (вице-Министрі) болады.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бас санитарлық дәрігері басқарады.

11. Министр министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды. Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауап береді.

12. Осы мақсатта Министр:

Министрдің орынбасарының (вице-Министрдің) Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бас санитарлық дәрігерінің, департаменттер директорларының, министрліктің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне заңды тұлға болып табылатын Департаменттің Директорын тағайындау туралы ұсыныс енгізеді. Департамент директорларын, орталық аппарат қызметкерлерін, сондай-ақ республикалық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

барлық органдар мен ұйымдарда Министрлікті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес білдіреді;

заңды тұлға болып табылмайтын департаменттер туралы ережелерді бекітеді;

бекітілген адам саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ бекітілген қаржы шегінде Министрліктің орталық аппаратын ұстауға арналған шығыстар сметасын бекітеді ;

Министрлікке бөлінетін бюджеттік қаржының пайдаланылуына бақылау жасайды, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның мүліктеріне билік жүргізеді ;

өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

13. Министрдің орынбасары (вице-Министр) Министр болмаған кезде оны алмастырады, Министрлік департаменттерінің қызметін үйлестіреді, өзіне Министр жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінде құрамында Министр (төраға), Министрдің орынбасары (вице-Министр), Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бас санитарлық дәрігері, департамент басшылары бар алқа құрылады, Алқаның құрамына басқа да адамдар кіре алады.

Алқаның адам санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

15. Денсаулық сақтау министрлігі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Министрліктің орталық және жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау мекемелері үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

16. Министрлік қабылдайтын шешімдер Министрдің бұйрығымен ресімделеді .

17. Министрліктің орталық аппараты заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген ережелердің негізінде жұмыс істейтін департаменттерден тұрады.

18. Министрліктің қызметін ұйымдастырудың өзге мәселелері, лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері Министрліктің жұмыс регламентімен белгіленеді .

19. Министрлік заңдарда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылады және т а р а т ы л а д ы .